

1992 жылы туған Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылы Мағжан Жұмабаев ауданының шақырту учаскесіне тіркеуді жүргізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 қаңтардағы N 2 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 қаңтарда N 13-9-86 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 2011 жылғы 3 қазандағы N 02.06-05-05/843 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 2011.10.03 N 02.06-05-05/843 хаты)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңының 17-бабына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2009 жылғы қаңтардан наурызды қоса алған мерзім аралығында Мағжан Жұмабаев ауданының шақырту учаскесіне 1992 жылы туған және жасы үлкен, бұрын тіркелмегендерді тіркеу жүргізсін.

2. Азаматтарды Мағжан Жұмабаев ауданының шақырту учаскесіне тіркеу үшін қосымшаға келісті түрде комиссия құрамы құрылсын.

3. Тіркеу комиссиясының мүшелері комиссиядағы міндеттерін орындаған кезде оның жұмыс орны, лауазымы және еңбекақысы сақталады.

4. Селолық округтердің әкімдері әскер жасына дейінгі азаматтарға Мағжан Жұмабаев ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі белгілеген мерзімде шақырту учаскесіне тіркелуге келу туралы хабарлауды ұйымдастырсын.

5. Селолық округтердің әкімдері әскер жасына дейінгі азаматтарды әскери есеп жүргізуге жауапты тұлғалардың жетекшілігімен тіркеу жүргізуге шақырту учаскесіне және тұратын мекен-жайына дейін жеткізілуін қамтамасыз етсін.

6. «Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық емханасы» КМҚК-ның бас дәрігері Г.Т. Сағындықова (келісім бойынша) медициналық комиссия жұмысына тәжірибелі мамандарды тарту ұсынылсын. Медициналық жабдықтар жөнделсін

және флюорографиялық, рентгендік, зертханалық зерттеулер, жүректің электрокардиограммасын жасауда шығындалатын материалдардың қажетті саны қамтамасыз етілсін. Тіркелетін әр азаматтың емханалық картасы және оған Ф-025 -І/Ү қосымша бет болуын қадағаласын.

7. «Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі тіркеу кезінде:

жоспарланған шығын сметасына сәйкес медициналық куәландыруды жүргізгені үшін медициналық мекемелердің қызметі үшін төлеуді;

медициналық куәландыруды және тіркеу бойынша комиссия өту үшін шалғайдағы жерлерде тұратын әскер жасына дейінгі азаматтарды жеткізуге ПАЗ 672 автобусын;

қызмет көрсететін адамдардың және техникалық жұмысшылардың қажетті мөлшерін қамтамасыз етсін.

8. Аудандық қаржы бөлімінің бастығы М.И. Омарова тіркеу науқанына қаржыландыруды бөлінген қаражат шегінде уақтылы қамтамасыз етсін.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Е. Қалиевқа жүктелсін.

10. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енеді.

Аудан әкімі	А. Сапаров		
Аудан	әкімдігінің	2009	жылғы
19	қаңтардағы	№	2
«1992	жылы		туған
Қазақстан		Республикасының	
азаматтарын	2009	жылы	
Мағжан	Жұмабаев	ауданының	
шақырту		учаскесіне	
тіркеуді	жүргізу	туралы»	
қаулысына қосымша			

Тіркеу жүргізу үшін аудандық комиссияның құрамы

Шәріпов Жайлау – аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің Қабылқайырұлы бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)

Бражник Галина Николаевна – аудан әкім аппаратының бас маманы, комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Тәженов Қайрат Сералыұлы – аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Учайкина Галина Васильевна – аудандық емхананың бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссияның төрағасы (келісім бойынша)

Утеуленова Зауреш Капарқызы – поликлиниканың бас мед.бикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

Доновна Людмила Николаевна - СӨС медбике, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

Тіркеу жүргізу үшін құрылған аудандық комиссия мүшелерінің кейбіреуі міндетін орындай алмаған жағдайда комиссияның резервтік құрамы құрылсын:

Өтеуов Ерлан Сайранұлы - шақыру және шарт бойынша әскери қызметшілерді жинау жөніндегі бөлімнің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)

Алдаева Сара Тілеубергенқызы - ауданның ішкі саясат бөлімінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары

Сапарова Бахытгүл Ялғашқызы - аудандық емхананың терапевт дәрігері (келісім бойынша)

Көшеков Қанат Рамазанұлы - аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, полиция майоры (келісім бойынша)

Васильева Светлана Леонидовна - аудандық емхананың аға медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)